

**№24 «Ұшқын» негізгі орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
кітапханашының**

2022-2023 оқу жылындағы атқарылған жұмыс есебі.

Тамыз айында мектеп оқушылары оқулықпен 100 пайыз қамтамасыз етілді. Қыркүйек айында Ахмет Байтұрсынов 150 жыл толуына орай ақының шығармашылығына байланысты "Ұлттың ұлы ұстазы" атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. "Мемлекеттік тілді құрметтеу-қазақ тілінің мәртебесін көтеру" атты мектепшілік іс-шара болып өтті. Іс-шара аясында мектеп кітапханасында "Тіл татулықтың- тірегі" атты көрме қойылып, 7-8 сынып аралығында "Тілім менің мақтанышым" тақырыбында тәрбие сағаты ұйымдастырылды.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында әр аптаның жұма күні "20 минут" кітап оқу сағаттары ұйымдастырылды.

Оқу сағаттарының мақсаты: мектеп мұғалімдері мен оқушыларды, кіші қызметкерлерді және ата-аналарды қазақ ақын- жазушыларының шығармаларын оқуға насихаттау.

Қазан айында Совет Одағының батыры М.Мәметованың 100 жыл толуына орай 9- сынып оқушыларының атсалысуымен "Қаһарман қызы қазақтың" әдеби-сазды кеш болды. Іс-шара барысында 9-сынып оқушылары батыр апамыздың өмірінен мәліметтер мен деректерді айтып жарыса пікір алмасты.

"Оқуға құштар мектеп" жобасының жоспары аясында кітапханада өткізілген 7-8 сынып оқушылар аралығында "100 кітап" жобасы аясында ұсынылған әдеби шығармалардың мазмұнын айтып, пікірлерін ортаға салды. Қазіргі таңда әдеби кітаптардың электронды нұсқалары бар, бірақ оқушылар кітаптан оқығандай әсер алмайтындарын айтты.

Қараша айында бастауыш сынып оқушыларымен "Мен жүйрік оқимын!" атты сайыс өткізілді. Сайыстың мақсаты- 20 минут ішінде ертегі кітабын оқып, мазмұнын айтып беру. "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында Ғабиден Мұстафинің 120 жасқа толуына байланысты 9-ші сынып оқушылары мен үйірме оқырмандарымен "Табиғаты өзгеше талант иесі" тәрбие сағаты ұйымдастырылды.

Желтоқсан айында 16- желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай оқырмандарға мемлекет тәуелсіздігінің қалыптасуы туралы мағұлмат беру, еліміздің болашағына жауапкершілікпен қарау, отанын сүйуге, патриоттық сезімдерге тәрбиелеу мақсатында "Тәуелсіздік- баға жетпес байлығы" атты кітапханада көрме ұйымдастырылды.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында кітапханашылар, қазақ тілі мен әдебиет бірлестігі және Келес ауданының аналар және әйелдер кеңесінің төрайымы Адилет Әзімқұлова башылығымен "Әдебиет -ұлттың жаны" атты әдеби кеш болып өтті.

Қаңтар айында "Қысқы демалыста кітап оқимыз" акциясы жалғасты. "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында әр аптаның жұма күні "20 минут" кітап оқу, 3 минут эссе жазу сағаттары ұйымдастырылды. Оқу сағаттарының мақсаты: мектеп мұғалімдері мен оқушыларды, кіші қызметкерлерді және ата-аналарды қазақ ақын- жазушыларының шығармаларын оқуға насихаттау.

Ақпан айында ақын, драматург, аудармашы М. Мақатаевтың туған күніне орай 9 -сыныптар бойынша Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін жатқа айтып сайысқа түсті.

Наурыз айында әдеби кітап қорын ұлғайту мақсатында **"Ерікті кітап өткізуші"** акциясы ұйымдастырылды. Акцияға мектеп ұжымы, оқушылар және ата-аналар белсене қатысып, өздері оқыған ақын жазушылардың кітаптарын мектеп кітапханасына тапсырды.

Сәуір айында Қазақ тілі мен әдебиет пәні бірлестігі мұғалімдері мен кітапханашылардың 10.04.-21.04. аралығында өткен **"Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеніз"** атты онкүндігі аясында 13.04.2023 жылы 7-9 сынып аралығында **"Менің сүйікті ақыным"** тақырыбында оқырман сайысы өткізілді.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында Ахмет Байтұрсынов туралы 9- сынып оқушылар арасында тест жұмысы алынды.

Мамыр айында 1 мамыр **"Бірлігі жарасқан елім бар"** көрме ұйымдастырылды. 9- мамырда **"Ұлы жеңіске -78 жыл"** көрме ұйымдастырылып, **"Ерлік -елге мұра, ұрпаққа ұран"** атты іс -шара өтті. 3- сыныптар арасында **"Ертегілер елінде"** сахналық көріністер ұйымдастырылды.

Іс-шараларға белсене қатысқан оқушылар мектеп әкімшілігі тарапынан марапатталды.

Мектеп директоры:  Ө.Ахметов

Мектеп кітапханашысы:  М.Асанова